

УДК373.2

## **ЗИЯТКЕРЛІК ОЙЫННЫҢ ЖАСТАРҒА БЕРЕР ТӘРБИЕЛІК МАҢЫЗЫ**

**Серікова Зарина Қайратқызы**

zarina.serikova.31.kz@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Дене шынықтыру және спорт  
мамандығының 2 курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі - К. Куланова

**Өзектілігі.** Қай кезде де халқымыз өзінің болашағы – жастар тәрбиесіне көңіл бөліп отырған. Ұлт пен ұлыстың аманатын арқалаған жастарды тәрбиелеудің жолдары мен амалдары да сан тарау. Солардың ішінде шешуші рөл атқаратын тәлімі мен тәрбиенің бір түрі – жастарды патриотизм үлгісінде тәрбиелеу маңызды іс саналады.

Жастарды қалыптастырып және дамыту үшін, тұлғаның ішкі дүниесі мен оның қыр сырын анықтап, мүмкіншіліктері мен қабілетінің дамуына жағдай туғызу қажет. Жастардың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасау қазіргі таңдағы әрбір маманның міндеті.

Бестемше басқа ойындардан ерекшелігі – ойын құралдары ақ, қара түстерге бөлінбейді және арнаулы отаулық тақталарда ұсақ шарлармен ойналады. Ойынның мақсаты – қарсыластан көп шарларды (құмалақ) жинап, ұпай санымен алға шығу.

«Құмалақ» деген сөзді басқа ұлттардан кездестірген емеспіз. Бұл сөз қазақ даласындағы қойшылар арасында белгілі бір кезеңдерде болған. Ата-бабаларымыз тақта отауларына құмалақ салып ойнағанға дейін түрлі жеміс-жидек дәндерін, сүйек, тас қиыршықтар және тағы басқа заттармен ойнағаны жазылған. Шындығында «құмалақ» - тас (шарик) сөзінің қазақша баламасы [1].

*«Таш» сөзі – тас деген мағынасын білдірумен бірге, ойынға жүріс жасау құралы . Тас– қозғалыстығы шашылу әрекет. Оны түртіп қалғанда қозғалады, яғни жылжиды, әр ұяға шашылады. Бұл ұстанымға арқалансақ, ойынды «шексіз қозғалыс» ойыны деп қарастырған [2].* Өйткені осы ойындағы 50 тастың ерсілі-қарсылы қозғалыс болатыны анық.

Білім берудің алғашқы деңгейлері жастарға ұлттық тәрбие беруден басталады. Осы жерден “Бестемше” ойынының маңызы туралы айтылады. Бұл ойынның мақсаты – Қазақстан халқының рухани мәдени құндылықтарын сақтау мен арттыру.

Бестемше логикалық ойын. Бұл ойынның басты қасиеті – адамның ақыл ойын дамытуға күш салады. Түркі халықтарының ұрпақ тәрбиесіне жауапкершілікпен қарайтынына осы ойынның өзі дәлел бола алады. Жастардың дене күшінің мол болуымен қатар, ақылды болуына да көп мән берген бабаларымыз осы ойынды ойлап тапқан. Ойнату арқылы адамның арифметикалық қабілетін ашып, зердесін шыңдауға мүмкіндік береді.

Жастарды тәрбиелеу үшін қазақтың ұлттық ойындарын кеңінен пайдалану керек. Әсіресе ата-бабаларымыздың салт-дәстүрлерін, ұлттық ойындардың жастарға үйретудің мән-маңызы ерекше. Өйткені қай уақытта болса да, адамның ойы, сезімі, қиялы дамуы барысында ойын үлкен рөл атқарады. Демек, тәуелсіз еліміздің жастарын уақыт талабына сай тәрбиелеу ісіне ойындардың қосар үлесі үлкен.

Қай жаста болса да, тұлғаны тек ойын арқылы қызықтыра аламыз. Себебі, ғылымда адамның жас даму ерекшеліктеріне байланысты көптеген дәлелденген ақпараттар мен зерттеулер бар. Жастарды ойын арқылы дамыта аламыз, әсіресе ойлау қабілетіне жақсы ойындарды қолданған дұрыс. Ойын арқылы жастар өмірді жаңа бейне түрінде көре алады, бұл дұрыс ойлау деген сөз.

Ұлттық рух дегеніміз – тарихтың жоғалтқанын бүгіннен іздеу, заманауи талабын тарихта кеткен қателерден арылта отырып қанағаттандыру, келешекте ұрпаққа ұлттық ойындарымызды жеткізу.

Бүгінгі студент – Қазақстанның болашағы десек, артық емес. Өйткені, олар ұлтымыздың тектілігін, дарындылығын, кеңпейілділігін ары қарай гүлдендіреді. Біздің ұлттық ойындарымызды, қазақтың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарын сақтаушы осы жастар.

Бестемше үстел үсті ойындар қатарына жатады. Ойындарды қарапайым математикалық ұғымды қалыптастыру сабағында пайдалану жастардың алған білімін күнделікті өмірімен ұштастыруға қолайлы. Ойын сабақтың мазмұнын байыта олардың қиялдарын қозғап, зейіндерін кеңейте түседі. Белсенділігін арттыра түсу мақсатында әрбір сабақты түрлендіріп өткізу орынды.

Бестемше ойыны зияткерлік ойынға жатады.

Ал зияткерлік ойын дегеніміз – адамның ойлау қабілетін, ой-өрісін дамытатын спорт түрі. Бестемше ойынның тағылымдық, тәрбиелік, танымдық құндылықтары көп. Ата-бабамыздан аманат етіп қалдырылған бұл ойынды келесі ұрпаққа тапсырудың маңызы біздер үшін өте зор. Ұлттық ойындарды оқу іс-әрекеті және тәрбие үрдісінде пайдаланамыз. Ойынды оқу іс-әрекетінде қолдану жастардың ой-өрісін жетілдірумен бірге, өз халқының асыл мұраларын бойына сіңіріп, кейінгі ұрпаққа жеткізе білу құрал ретінде қолданамыз.

Зерттеушілердің көпшілігі ойын адамдардың өмірінде маңызды функцияларды орындайтындығымен келіседі:

- ойын-сауық (көңіл көтеру, ләззат алу, қызығушылықты ояту);
- қарым-қатынас диалектикасын дамыту;

- жаттығулар (саусақ жаттығулары сияқты қол моторикасын ширату);
- терапиялық: ойындағы қиындықтарды жеңу;
- диагностикалық: ойын барысында өзін-өзі тану;
- түзету: жеке көрсеткіштер құрылымына оң өзгерістер енгізу;
- ұлтаралық қарым-қатынас: барлық адамдар үшін ортақ әлеуметтік-мәдени

құндылықтарды игеру;

Бұл ойын ұмытылған ойындардың бірі. Бестемше ойынын дамытуға себеп болған тағы бір жайт, ұлттық ойын жастарды зеріктікке, білгірлікке баулиды. Бабаларымыздың асыл қазыналарына деген көз қарасын құрметтеуге сөз әсемдігін сезінуге бағыттай отырып үйрету.

**Міндеті:** «Бестемше» ойыны туралы түсінік қалыптастыру және ойынға үйретіп, зерттеуге, ізденуге деген қызығушылықты ояту.

**Бестемше ойынын үйрету.** Бестемше – әлемдік мәдениетінің озық үлгілері мен бой теңестіре алатын рухани ойын, қисындық ойлау өнері. Рухани жаңғыру аясында жаңа инновациялық технология негізінде «Бестемше» ойынын білім беру саласында қолға ала отырып, жаңғыртудың негізгі мақсаты - Қазақстан халқының рухани мәдени құндылықтарын сақтау мен арттыру.

Түркі халықтарының ұрпақ тәрбиесіне жауапкершілікпен қарайтынына осы ойынның өзі де дәлел бола алады. Жас бүлдіршіндердің дене күшінің мол болуымен қатар, ақылды болуына да көп мән берген бабаларымыз осы ойынды ойлап тапқан.

Осыған байланысты, осы ой өнерінің жастар тәрбиесіне беретін қандай ерекшеліктері бар, соған тоқталайық:

- ойлау жүйесін дамыту
- дербестікке үйрету
- жеңілісті дұрыс қабылдауға үйрету
- назарды шоғырландыру
- уақытты тиімді падалану
- жоспарлау және бас тартуды үйрету
- жадыны жақсарту және есте сақтау қабілетін дамыту
- ақпаратпен жұмыс істеу дағдысы
- қол моторикасының дамуы

**Ойлау** — дербес үрдіс. Ол туа біткен дарын емес Ойлау қабілеті арнайы құралдар, техника, ойындар және тұрақты жаттығулар арқылы жүзеге асырылады. Бүгінгі күні жаңа мәнге ие болып отыр, себебі компьютерлер мен басқа да ойын құрылғыларымен ойнағаннан, осы ойынды ойнаған тиімді.

**Қол моторикасы-** ойынында құмалақтарды ұстау кезінде қол қозғалысы арқылы ми және жүйке талшықтарына әсер етеді. Сонымен қатар, ойын барысында қол қозғалысының жылдамдығы сағатты басу кезінде ойын тағдырына да әсер етеді

#### **Ойын ережесі:**

Бестемше тақтасы 50 тас, 10 отау, 2 қазаннан тұрады. Алғашқы жүріс жасаған ойыншыны – бастаушы, қарымта жүріс жасаған ойыншыны – қостаушы атайды. Кейде бастаушы үшін – ақ жағы, қостаушы үшін қара жағы деген тіркестерді қолданады. Жүріс ойыншылар тарапынан кезектесіп жүріледі. Жүрісті кімнің жасайтыны жеребемен немесе қарсыластардың келісімімен анықталады.

«Бестемше» ойыны арнайы тақтайда екі адам арасында ойналады. Жүріс ойыншылар тарапынан кезектесіп жүріледі. Жүрісті кімнің жасайтыны келісіммен анықталады. Ойыншылар өз қазанына 25 тас ұтып алғаннан кейін де ойынды тоқтата салмай, аяғына дейін жеткізуі керек. Бұл ойынның қандай есеппен аяқтағанын білу үшін қажет.

Бұл есеп ойыны, отаудағы тастарды мақсатсыз жүре беруден сақ болу керек. Жүріске мән бермеу ойынның сапасын төмендетеді. Ойынға шығармашылық тұрғыда қарап, тактика қолдануымыз керек.

**Ойынның маңыздылығы:** Ұлттық ойын жастарды зеріктікке, білгірлікке баулиды. Бабаларымыздың асыл қазыналарына деген көз қарасын құрметтеуге үйрету. Бестемше

ойыны – ұлттық зияткерлік спортымыздың бір түрі. Ойын – бала үшін нағыз өмір. Егер ұстаз ойынды ақылмен ұйымдастырса, ол балаларға ықпал жасауға мүмкіндік алады. Сондықтан келешек өсіріп отырған тұлғаларымызды тәрбиелеу алдымен ойыннан басталады. Бұл ойын жас ерекшеліктеріне қарай санауға үйренеді, 50 құмалақты шашып қайта жинап, ойынға деген қызығушылықтарын оятады. Алайда, бұл ойынның тақтасы әлі күнге жасалып, айналымға түскен жоқ. Ойынның барынша қарапайым әрі тоғызқұмалаққа қарағанда тақтасы да мейлінше шағын, отау саны екі еседей аз болғандықтан, бұл ойынды тарату мен дамытудың мүмкіндігі де, маңызы да зор.

### **Ойынның ерекшелігі:**

Бұл ойынның ерекшелігі - жүріс жасағанда отауға тас қалдыру. Ойыншылар әр отауға бес-бестен тастарды салады. Оларды бір-біріне қарама-қарсы жұптастыра отырғызу әдісі.

1. Ойынның нәтижесі – ойыншы өз қазанына кемінде 25 құмалақ жинап жеңіске жету.

Көздеген нәтижеге қол жеткізу үшін келесідей жұмыс түрлерін тұрақты түрде пайдаландық:

– ең алдымен ойынға арналған глоссарийден бастадым, себебі ойын құрылымын және жүйесін түсініп алу маңызды;

-келесі ойын ережесі қол қимылы мен логиканың қатар жұмыс жасауы үшін қажет;

-ойын тактикасы, яғни, ойынды жеңу үшін әртүрлі әдіс-тәсілдер қолданылды;

-қолдың жеңіл қимыл жасауы, тастарды алып-салу барысында ойыншының өзіне деген сенімділік болу керек, ол үшін қол жаттығуларын жасауды ұсынамын.

Ұсақ қол моторикасын дамыту және қозғалысын үйлестіру мақсатында түрлі әдіс – тәсілдер қолдандым:

- саусақтық ойын тренингісі;
- қол мойнына массаж;
- саусақ гимнастикасы, сергіту сәттері;
- саусақ ойынды тақпақтар мен жаңылтпаштар;
- саусақтық жаттығулар;
- пазл, мозаика қолдану.

Саусақ жаттығулары қарапайым күрделіге қарай ойысады. Ол екіге бөлінеді:

1) отырып ойнайтын саусақ ойындары. (саусақ ұштарымен қимылдатамыз);

2) қолдың нәзік бұлшық еттерімен бірге дененің барлық мүшелері қатысып орындалады.

Пассивті жаттығу – ұсақ моториканы дамытудың алғашқы сатысы. Жаттығулардың мақсатты пайдаланылуы мынадай әдістерді ұсынады: тасты уысқа салып уқалау, жаймен тасты қолмен айналдырып және дірілдету. Содан кейін ғана активті саусақ жаттығуларына көшу ұсынылады. Оның деңгейі баланың ұсақ моторикасының даму деңгейіне қарай таңдалады.

Сонымен қорыта айтқанда, бүгінгі таңда жастар зердесі мен логикасын жетілдірудің субъектісіне айналдыру аса маңызды қадам болар анық. Себебі, заманауи педагогика ментальдық арифметиканы дамытуда ежелгі осындай ойындар мен солардың құралдарын негіздей отырып, жаңғыру жолынан өткен жаңаша дидактикаларға жол ашуда. Жастардың жады мен зердесін жетілдіруге ұмытылған қазақтың ойындары көмегін тигізері сөзсіз.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Ақшораев Ә., Жүнісбаев Н. Тоғызқұмалақ. – Алматы: «Мектеп», 1980.
2. Ақшораев Ә. Тоғызқұмалақ. – Алматы, 1983.
3. Ақшораев Ә.60 сабақтық тоғызқұмалақ ойынның оқулығы. Оқулық. -Тараз, 2014.
4. Балғамбаев М. Қазақтың ұлттық спорт түрлері. – Алматы,1985.
5. Жалымбетов Ә. Айгөлек. – Алматы: «Қазақстан», 1975. – 34 б.
6. Құланова Қ.Қ. Жоғарғы оқу орнындағы тоғызқұмалақ ойындарының әдістемесі. Оқу-әдістемелік құрал. - Алматы: CyberSmith,2017.-103б.

7. Құланова Қ.Қ.,Марчибаева У.С.Ұлттық ойындарды оқытуда қолданылатын әдістемелік құрал.Л.Н.Гумилев ЕҰУ .Астана,2008.